

"Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы мемлекеттік қатысу үлесін "Казимпэкс" республикалық орталығы" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 147 қаулысы

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 114-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Балқаш" емдеу-сауықтыру кешені" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жарғылық капиталындағы 100 (жүз) пайыз мемлекеттік қатысу үлесі "Казимпэкс" республикалық орталығы" акционерлік қоғамының акцияларын төлеуге берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев